

Жекелеген санаттағы алушыларға мерекелік және атаулы күндерге әлеуметтік көмектің мөлшерлерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Баянауыл аудандық мәслихатының 2014 жылғы 30 сәуірдегі № 166/32 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 05 мамырда № 3790 болып тіркелді. Күші жойылды – Павлодар облысы Баянауыл аудандық мәслихатының 2021 жылғы 6 мамырдағы № 40/4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен

Ескерту. Күші жойылды – Павлодар облысы Баянауыл аудандық мәслихатының 06.05.2021 № 40/4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 2-3-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысымен бекітілген Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларының 10-тармағына сәйкес, Баянауыл аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Павлодар облысы Баянауыл аудандық мәслихатының 25.11.2019 № 290/50 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

1. Алушылардың жекелеген санаттары үшін әлеуметтік көмек атаулы күндерге және мерекелік күндерге келесі мөлшерлерде белгіленсін:

1 қазан - Халықаралық қарттар күніне орай:

зейнетақының, жәрдемақының ең төменгі мөлшерін алатын немесе зейнетақының, жәрдемақының ең төменгі мөлшерінен төмен алатын, зейнеткерлік жасқа жеткен азаматтарға, атап айтқанда, 80 жастағы және жасы үлкен зейнеткерлер – 2,9 АЕК.

қазанның екінші жексенбісі – Қазақстан Республикасы мүгедектер күніне орай:

18 жасқа дейінгі мүгедек балаларға, 1, 2 топтағы мүгедектерге - 2,3 АЕК мөлшерінде;

8 наурыз - Халықаралық әйелдер күніне орай, атаулы әлеуметтік мемлекеттік жәрдемақы алатын және 18 жасқа дейінгі балалары бар мемлекеттік жәрдемақы

алатындар санынан кәмелетке толмаған төрт және одан көп балалары бар, аз қамтамасыз етілген, көп балалы аналарға - 2,4 АЕК мөлшерінде;

9 мамыр - Жеңіс күніне орай:

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне (бұдан әрі – ҰОС) 500000 (бес жүз мың) теңге, сондай-ақ азық-түлік жиынтығына 5 (бес) АЕК мөлшерінде;

жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан ҰОС қатысушыларына теңестірілген адамдарға, атап айтқанда:

Ауғанстандағы ұрыс қимылдарына қатысқан адамдарға – 50000 (елу мың) теңге мөлшерінде;

1986 - 1987 жылдары Чернобыль атомдық электростанциясындағы (бұдан әрі – Чернобыль АЭС) апаттың, сондай-ақ азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтар мен жаттығуларға тікелей қатысқан адамдар – 50000 (елу мың) теңге мөлшерінде;

жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан ҰОС қатысушыларына теңестірілген басқа да санаттардағы тұлғаларға, атап айтқанда:

ҰОС (қайтыс болған, хабар-ошарсыз кеткен) жауынгерлердің жесірлеріне; қайтыс болған соғыс мүгедектерінің және соларға теңестірілген мүгедектердің әйелдері (күйеулері), сондай-ақ қайтыс болған соғысқа қатысушылардың, партизандардың, астыртын күрес жүргізген адамдардың, "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен және "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған, жалпы ауруға шалдығудың, еңбек ету кезінде зақым алуының нәтижесінде және басқа себептерге (құқыққа қайшы келетіндерінен басқаларына) байланысты мүгедек деп танылған азаматтардың екінші рет некеге тұрмаған әйелдері (күйеулері) – 10 АЕК мөлшерінде;

ҰОС жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСРО ордендерімен және медальдарымен марапатталған адамдарға – 10 АЕК мөлшерінде;

1941 жылғы 22 маусымнан бастап - 1945 жылғы 9 мамырды аралығында кемінде 6 ай жұмыс істеген (әскери қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталмаған адамдарға - 5 АЕК мөлшерінде;

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - Павлодар облысы Баянауыл аудандық мәслихатының 23.10.2014 № 218/39 (жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.02.2015 № 244/43 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 25.11.2019 № 290/50 (

алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі)
шешімдерімен.

2. Шешімнің орындалуын бақылау Баянауыл аудандық мәслихаттың әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері жоспар мен бюджет және әлеуметтік саясат жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі

Сессия төрағасы

Е. Досов

Аудандық мәслихаттың хатшысы

Т. Қасен

"КЕЛІСІЛДІ"

Павлодар облысы әкімінің м.а.

Д. Тұрғанов

2014 жылғы "18" сәуір